

Ағынды
су ысытқыш

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ



4826744

3-logic

ZANUSSI

3-logic сериялы су ысытқышының пайдалану нұсқаулығы

Таңдауыңыз үшін алғыс білдіреміз!

Сіз ең үздік Electrolux өнімін таңдадыңыз, ол болашақта Сізге көп қуаныш әкеледі деп сенеміз. Zanussi компаниясы Сіздің өміріңізді одан да жайлы етуге көмектесетін сапалы өнімдердің барынша кең ассортиментін ұсынуға тырысады. Осы нұсқаулықтың мұқабасында бірнеше мысалды көре аласыз. Сонымен қатар **www.easy-comfort.ru** сайтынан жан-жақты ақпарат ала аласыз. Жаңа су ысытқышыңызды дұрыс пайдалану және оның артықшылықтарынан ләззат алу үшін осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Ол оңай қолданылатындықтан, Сіздің өміріңізді барынша жайлы ететіндігіне кепілдік береміз. Сәттілік!

Мазмұны

Су ысытқыштың қысқаша сипаты	3
Техникалық сипаттамалар	3
Жинақтама нұсқалары	3
Су ысытқышты орнату	4
Су құбырына қосу	4
Электр энергиясын қосу	4
Пайдалану ережелері	5
Қауіпсіздік шаралары	6
Құрылғыға күтім жасау	7
Көдеге жарату	8
Сертификаттау	8
Кепілдік талоны	10

Кепілдік бойынша қызмет көрсету кепілдік талонында атап көрсетілген кепілдік міндеттемелеріне сай жүзеге асырылады.

СЕРВИС ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫН
WWW.EASY-COMFORT.RU САЙТЫНАН
НЕМЕСЕ ДИЛЕРІҢІЗДЕН ТАБА АЛАСЫЗ.



Ескертпе:

Осы нұсқаулықтың мәтінінде ағынды су ысытқыш келесі техникалық атауларға ие болуы мүмкін: аспап, құрылғы, аппарат, су ысытқыш және т.б.

Су ысытқыштың қысқаша сипаты

3-logic сериялы электр ағынды су ысытқыштары ағынды суды ысытуға арналған. Осы аспап сенімді және қауіпсіз қолданылуымен, жоғары өнімділігімен, сәнді дизайнымен және пайдалану ыңғайлылығымен ерекшеленеді. Температура 80 °C-ге жеткен кезде электр қуат көзі автоматты түрде ажыратылып, аспап суды ысытуды тоқтатады. Құрғақ ысытудан қорғау. Электр тогының соғуынан қорғау. Мыстан жасалған ысыту элементтері су ысытқыштың сенімді түрде пайдаланылуын қамтамасыз етеді. Суық және ыстық су кранын ашқан кезде, электр су ысытқыш жұмысқа дайын болады. Тек суық су кранын ашқаннан кейін, беткі панельдегі пернелерді басу арқылы су ысытуды қосыңыз. Шығыстағы ыстық су температурасы кранды ашу дәрежесіне байланысты болады. Шығыны неғұрлым төмен болса, шығыстағы ыстық су температурасы соғұрлым жоғары болады.

Аспап стационарлы түрде жүргізілген су құбыры мен электр тогы (бір фазалы қуат көзі керек) бар үй-жайларда орнатылады. Су ысытқышты температурасы төмен (0 °C-ден төмен) үй-жайларда орнатуға болмайды. Су ысытқыш оңай қолданылып, орнатылады және электр энергиясының өте аз жұмсалыуына және ыстық судың тиімді шығындалуына байланысты үнемді түрде қолданылады. Су ысытқыш арнайы термотұрақты қолбадан, сенімді және төзімді мыстан жасалған қыздырғыш элементтерден (ТЭЖ), сондай-ақ аспаптың қауіпсіз жұмысын бақылайтын және ағынды су ысытқыштың ұзақ уақыт бойы қолданылатына кепілдік беретін құрылғылардан тұрады. Су ысытқышты орнатуға және пайдалануға дейін осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығуды сұраймыз.

Техникалық сипаттамалар

Артикул	3-logic 3,5	3-logic 5,5	3-logic 6,5
Жинақтама	T/S/TS	T/S/TS	T/S/TS
Электр қуат көзі, В	220 ~ 50 Гц	220 ~ 50 Гц	220 ~ 50 Гц
Номиналды ток, А	16	25	30
Қуаты (қуат дәрежелері), кВт	1,5 – 2,0 – 3,5	2,2 – 3,3 – 5,5	3,0 – 3,5 – 6,5
Ең жоғары қуаты, кВт	3,5	5,5	6,5
Жұмыс қысымы, МПа	0,07–0,6	0,07–0,6	0,07–0,6
Өнімділігі (D 25 °C ауқымында), л/мин	2,0	3,1	3,7
Қорғаныс класы	IPX4	IPX4	IPX4
Желіге қосылу кабелі, мм²	3 × 4,0	3 × 4,0	3 × 4,0
Өлшемдері (Б × Е × Т), мм	270 × 135 × 100	270 × 135 × 100	270 × 135 × 100
Таза салмағы, кг	1,2/1,2/1,5	1/1,2/1,3	1/1,2/1,3
Электр тогының соғуынан қорғау	I класс	I класс	I класс

Жинақтама нұсқалары:

T — кран, S — душ, TS — душ және кран

Өндіруші өзгерістер енгізуге құқылы.

Су ысытқышты орнату

Ағынды су ысытқышты орнату және электр қуат көзін қосу жұмысын мамандандырылған авторизацияланған ұйым немесе электр жабдықтарды орнатуға рұқсаты бар мамандар, қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып орындауы тиіс.

Су ысытқышты орнату және пайдалану талаптары бұзылған жағдайда, аспапқа кепілдік бойынша қызмет көрсетілмейді, ал өндіруші оған жауапты емес.

Аспап кез келген жерге орнатылуы мүмкін, бұл арада үй-жайдағы температура 0 °C-ден төмен болмауы тиіс.

Су құбырына қосу


Ағынды су ысытқышты су қысымы 0,07–0,6 Мпа болатын су құбыры желісіне қосу керек. Аспапты резервуардағы сумен қамтамасыз етуге болады, ондағы су деңгейі су ысытқыштың деңгейінен кемінде 4 метр жоғары болуы тиіс.

Резервуардағы суды беру кезінде, тұтынушы резервуардағы су деңгейін өз бетінше бақылауға міндетті. Су деңгейі барынша азайған жағдайда, су ысытқышты сөндіріп, резервуарды сумен толтыру керек.


Су ысытқышқа су тікелей ұңғымалардан, құдықтардан немесе су айдауыш мұнаралардан келіп тұрса, онда су ысытқышты пайдалану үшін, су ысытқышқа келетін суық суға бастапқы тазарту сүзгісін міндетті түрде қолдану керек. Бастапқы тазарту сүзгісін мамандандырылған дүкендерден сатып алуға болады.

Бастапқы тазарту сүзгісі орнатылмаған болса, өнімге кепілдік берілмейді. Келесі міндетті талапты ұстану керек: суық судың берілуін тоқтататын кранды су ысытқышқа кірер жерге орнату қажет. (Су ысытқышты дұрыс орнату тәсілі 1-суретте көрсетілген). Жапқыш кранды су ысытқыштың ыстық су шығысына орнатуға болмайды (2-сурет).

Су ысытқышты орнатудың қандай да бір басқа тәсілін қолдануға болмайды.



1-сурет. Дұрыс



2-сурет. Дұрыс емес

Электр энергиясын қосу

Су ысытқыш, 30 А қорғаныс автоматы бар, сымның ең жіңішке қимасы 3 × 4 мм² (мыс) болатын үш өзекті электр көбіл арқылы 220 В кернеулі айнаымалы тоқтың электр желісіне қосылуы тиіс.



Назар аударыңыз:


Міндетті түрде электр тогын жерге тұйықтау керек!

Ауа кептелісі пайда болмауы және аспап істен шықпауы үшін, аспап қабырға бетіне тек көлденеңінен орнатылуы тиіс!

Су ысытқыш және электр көбілдің өзі термооқшауланған не қызатын қабырғада орналасқан болса, сым қимасының артатынын білген жөн.

Су ысытқыш электр желісіне үнемі (стационарлы әдіспен) қосылып тұруы тиіс.

Пайдалану ережелері



1. Ең төменгі қыздыру қуаты
2. Аспапты сөндіру
3. Орташа қыздыру қуаты
4. Ең жоғары қыздыру қуаты

- Кран аспапқа кірер жердегі су ағысын бақылайды. Араластырғышты орнатуға және/немесе су ысытқыштан су шығатын жерде суды жабуға болмайды.
- Ыстық су тарататын кешенді құрылғыларды ғана қолдануға болады.

- Кранды ашқаннан және қыздыруды қосқаннан кейін, ысытылатын су температурасын тұрақтандыру үшін біраз (шамамен 15 сек.) күту керек.

Басқару панеліндегі қуатты реттеу пернесінің көмегімен су ысыту қуаты мен температурасын реттеуге болады: «I» түймесі — ең төменгі қыздыру қуатын орнату үшін;

«II» түймесі — орташа қыздыру қуатын орнату үшін;

«I» және «II» түймелері басылып тұрса — «III» ең жоғары қыздыру қуаты режимі таңдалған.

Шығыстағы су температурасын, ағысты азайту не арттыру кранының көмегімен реттеуге де болады. Ағысты азайтқан сайын, температура артады және керісінше.

- Су ысытқышты ажырату үшін алдыңғы панельдегі ON/OFF пернесін басу арқылы су ысыту функциясын сөндіру керек. Осыдан кейін ғана су ысытқыштағы су беру кранын жабыңыз.

Су ысытқыштың жұмыс принципі

Судың кіріс ағыны колбаның ішіндегі қыздырғыш элемент (ТЭҚ) арқылы аққан уақытта қызады. Су құбыры желісіндегі су температурасы жыл бойы ауытқуы мүмкін (3 °C мен 20 °C дейін). Қыстығүні қолайлы температураға (шамамен 43 °C) қол жеткізу үшін, қысқы ағысты, жазғы ағыспен салыстырғанда, азайту керек.



Назар аударыңыз:

Кірістегі суық су қысымы 0,4 Мпа мәнінен кем болса, ең жоғары қыздыру қуатын орнатпауды ұсынамыз.



Назар аударыңыз:

Су ысытқыштың суы қатып қалса, оны қоспаңыз.

Ағынды су ысытқыш келесі реттеу құрылғыларымен жабдықталған:

- Қыздырғыш элемент (ТЭҚ), судың оңтайлы қысымы 0,07–0,6 МПа диапазонында болған кезде ғана қосылады. Оны кіріктірілген қысым датчиктері автоматты түрде бақылайды.

Кірістегі су қысымы нормадан төмен (0,07 МПа мәнінен төмен) түссе, онда кіріктірілген қысым датчигі іске қосылып, электр тогын ажыратады (су ысыту).

- Ысытылатын су температурасы шамадан тыс көтерілсе, температура датчигі су ысытқыштың электр қуатын ажыратады. Қорғағыш термостат суығаннан кейін автоматты түрде жұмыс күйіне оралып, су ысытқыш қайтадан пайдалануға дайын болады.

Қауіпсіздік шаралары

Су ысытқышты дұрыс пайдаланбау және дұрыс орнатпау салдарынан ол бұзылып қалуы және пайдаланушыға зиян келтіруі мүмкін.

- Тек тұрмыстық мақсатта ғана қолданыңыз. Су ысытқыш өнеркәсіптік мақсатта қолдануға арналмаған.
- Электр кәбілі зақымдалған немесе басқа да зақымдары бар су ысытқышты қолданбаңыз. Диагностикалау және жөндеу үшін сіздің өңіріңіздегі өндірушінің жақын маңдағы авторизацияланған сервис орталығына жүгініңіз.
- Электр кәбілдің өткір жиектерден өтпеуін және ыстық жабындарға тимеуін қадағалаңыз.
- Қосылып тұрған су ысытқышты ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.
- Балаларға су ысытқышты үлкендердің қарауынсыз қолдануға рұқсат етпеңіз.
- Су ысытқышты қосу тәртібін мұқият сақтаңыз, себебі дұрыс қоспау салдарынан ол істен шығуы және пайдаланушыға зиян келтіруі мүмкін.
- Судың кіріс және шығыс күйлерінің орнын ауыстырмаңыз, себебі су ысытқыш бұзылуы және пайдаланушыға зиян келтірілуі мүмкін (көрсеткіштерді қараңыз: су кірісі «көк» түспен, су шығысы «қызыл» түспен белгіленген).
- Су ысытқышты тегіс тік бетте, деңгей бойынша тек көлденеңінен орнатылады, ал су түтіктері төмен қарап тұрады.
- Су ысытқышты өзге күйде қосу оны істен шығаруы мүмкін.
- Су ысытқышты тек түпнұсқа душ саптамасымен және/немесе кранмен бірге пайдаланып, олардың бітелуіне жол бермеу керек.
- Су ысытқыш тек суды ысытуға арналған. Өнімді басқа сұйықтықтарды ысыту үшін қолданбаңыз, себебі су ысытқышқа және пайдаланушыға ауыр зиян келтірілуі мүмкін.
- Құрылғының электр сымдарын су құбырына, газ құбырына және тағы басқаға қоспаңыз.
- Электр сымдар желісінің дұрыс (соның ішінде жерге тұйықтау контурына) қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Қолдану алдында электр желіңіздің параметрлері осы су ысытқыштың сипаттамаларына сай келетініне көз жеткізіңіз.
- Кірістегі су температурасы +35 °C-ден аспауы тиіс.
- Су ысытқышты ванна бөлмесінде қолдану үшін, оны адамның бойынан жоғары биіктікте, су шашырандылары корпусқа тимейтіндей етіп орнатқан жөн.

- Су ысытқышқа су бүркуге немесе су шашуға болмайды.
- Аспапты ванна бөлмесінде орнату кезінде бөлек электр қуат көзін (су ысытқышты орнату орнына байланысты) қолданыңыз, электр қуат көзін және су ысытқыштың техникалық талаптарына сай келетін ванна бөлмесін біріктіретін арнайы мыс сымды пайдаланыңыз.

Қуаты	Мыс сым қимасы (мм ²)
3,5 кВт	≥ 2,5
5,5 кВт	≥ 4
6,5 кВт	≥ 4

- Су ысытқыштың автоматты ажыратқышы келесі сипаттамаларға сай келуі тиіс:

Қуаты	Автоматты ажыратқыш (А)
3,5 кВт	≥ 20
5,5 кВт	≥ 25
6,5 кВт	≥ 30

- Электр қуатын қосу, су құбыры жүйелері қосылып, тексерілгеннен кейін ғана жүзеге асырылуы тиіс.
- Электр су ысытқыш сенімді түрде жерге тұйықталған болуы керек.
- Аспапты орнату және пайдалану кезінде, осы нұсқаулықта келтірілген талаптар мен нұсқауларды қатаң ұстаныңыз.
- Аспап қабырғаның тегіс бетіне, еденге параллель түрде орнатылуы тиіс.
- Пайдаланар алдында су ысытқышты сумен жабдықтау жүйесіне қосыңыз, су ысытқышқа қосылған душтың немесе кранның шығысынан су ағуы үшін кранды ашыңыз, содан кейін ғана қыздыруды қосыңыз.
- Су ысытқышты сөндіру кезінде, алдымен қыздыру сөндіріледі, содан соң су беру краны жабылады.
- Қатты суытылған аспапты қолданбаңыз, температураның қалпына келуін күте тұрыңыз.
- Душ саптамасы немесе құбыршегі зақымдалған аспапты қолданбаңыз.
- Аспапты қолданар алдында қолыңызды дәл су шығатын жерге жақындатпаңыз, алдымен шығыстағы су температурасын тексеріп алу керек.

- Аспапты қолдану барысында су беру тоқтатылған жағдайда, электр қуатын сөндіру қажет.
- Аспапты электр желісіне қосу үшін штепсельді ашаны қолданбаңыз, бұл үшін әуе ажыратқыштың арнайы мыс сымы бар. Ашасы бар сым 3,5 кВт үлгілерде қолданылуы мүмкін. Әуе ажыратқыш су ысытқыштың тікелей бақылау ажыратқышы емес; ажыратқышты жиі қосу/сөндіру оның сезімталдығына әсер етіп, бұзылуына алып келуі мүмкін.

- Аспапты үй-жайдан тыс жерге орнатуға болмайды. Аспапты сумен жабдықтау және су бұру жүйесімен жабдықталмаған үй-жайға орнатуға болмайды.
- Техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу алдында, аспапты сөндіру керек.
- Аспап, температурасы 0 °C-ден төмен түсуі мүмкін үй-жайда орнатылмауы тиіс.
- Аспап су тиюі мүмкін үй-жайда орнатылмауы тиіс. Су ысытқыш ағын релесі бірқалыпты жұмыс істеуі үшін тігінен орнатылуы тиіс.

Құрылғыға күтім жасау

Аспаппен жұмыс істеу барысында, душ саптамасының немесе араластырғыш кранының тесіктерінде қақ пайда болуы мүмкін. Бұл қолданылатын өңірдегі судың кермектігіне байланысты. Бұл аспаптың жұмыс істеу (қыздыру) тиімділігін төмендетеді, су ағынын нашарлатады және қыздыру қолбасындағы су қысымын жоғарылатады. Осындай құбылыстардың алдын алу үшін душ саптамасын немесе араластырғыш кранын арнайы тұрмыстық химиялық құралдар мен жұмсақ қылшақтардың көмегімен жүйелі түрде тазалап тұру керек.

а) Сыртын тазалау:

- су ысытқышты желіден ажыратыңыз және суытып алыңыз;
- аспап корпусының бетін сәл суланған жұмсақ шүберектің көмегімен, содан соң құрғатып сүртіңіз.

Тазалау үшін абразивті тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз.

б) Сүзгіні тазалау

- су ысытқыштан судың берілу жылдамдығы төмендеген болса, онда су ысытқышқа суық су кірісінде орнатылған бастапқы тазарту сүзгісін тазалау керек. Ол үшін төмендегідей әрекеттерді орындау керек:
- аспапты электр желісінен ажыратып, толығымен суытыңыз;
 - су ысытқышқа берілетін суық суды жабыңыз;
 - су ысытқыштан суық су беру құбыршегін бұрап алыңыз, торлы бастапқы тазарту сүзгісін шығарып алыңыз және ағынды сумен шайыңыз;
 - біріктірілгіш сымдар желісін кері тәртіппен қалпына келтіріңіз.

Аспаптың қызмет ету мерзімі — 5 жыл.

Пайдалану кезінде туындауы мүмкін ақаулар

Су тым ыстық	Кірістергі су ағынын кранның көмегімен арттырыңыз. Су беру құбырларын тазартыңыз.
Су тым суық	Электр қуатын тексеріңіз. Су ағынын азайтыңыз. Қуат дәрежесін ауыстырып қосыңыз (қыздыру қуатын алдыңғы панельдегі түймелердің көмегімен арттырыңыз).
Су ысытуға ұзақ уақыт кетеді	Температура шектегіші алдыңғы қыздырғаннан бері жұмыс істеп келеді. Қуат дәрежесін ауыстырып қосыңыз (қыздыру қуатын алдыңғы панельдегі түймелердің көмегімен арттырыңыз).

Әрекеттеріңіз нәтижесіз болса, жақын маңдағы авторизацияланған сервис орталығына хабарласуыңыз керек, оның мекенжайын сатушыдан немесе өндірушінің сайтынан білуге болады.

Кепілдік бойынша қызмет көрсету кепілдік талонында атап көрсетілген кепілдік міндеттемелеріне сай жүзеге асырылады. Сервис орталықтарының мекенжайын www.easy-comfort.ru сайтынан таба аласыз.

Көдеге жарату

Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, аспап көдеге жарату орнында қолданылатын нормаларға, қағидалар мен тәсілдерге сәйкес көдеге жаратылуы тиіс.

Сертификаттау

Тауар мына талаптарға сәйкес келеді:

КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтардың қауіпсіздігі туралы»,
КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі»

Сертификат №:

RU C-LV^46.B.67419

Қолданылу мерзімі:

19.01.2015 ж. – 18.01.2020 ж.

(Қорапта жаңа сертификат көшірмесі болмаса, көшірмесін сатушыдан сұраңыз)

Тауарды кеден одағы аумағындағы

сертификаттаушы орган сертификаттаған:

«РОСТЕСТ-Москва» ЖАҚ «Сертификаттау және тестілеу жөніндегі өңірлік орган»

Мекенжайы:

РФ, 119049, Мәскеу қ., Житная к-сі, 14 үй, 1 құр.

Нақты мекенжайы:

РФ, 117418, Мәскеу қ.,
Нахимовский даңғылы, 31 үй.
Тел.: +7 (499) 1292311, +7 (495) 6682893,
Факс: +7 (495) 6682893,
e-mail: office@rostest.ru
Аттестат тірк. № РОСС RU.0001.10АЯ46.
13.05.2014 ж., Росаккредитация.
Сертификатты беру негіздемесі:
«Ростест-Москва» ЭМУ талаптары бойынша
33-ның 14.01.2015 ж. № 13к/15 сынақ
хаттамалары
(тірк. № РОСС RU.0001.21М319, әрекет ету
мерзімі: 08.07.2011 ж. бастап 08.07.2016 ж.
дейін)

«Ростест-Москва» өнеркәсіптік өнімдерді сынау орталығының 13.01.2015 ж. № 0001-262 сынақ хаттамалары (тірк. № РОСС RU.0001.21АЯ43, әрекет ету мерзімі: 05.05.2011 ж. бастап 05.05.2016 ж. дейін)
«РОСТЕСТ-МОСКВА» СО-ның 17.12.2014 ж. № 175 өндіріс жағдайын талдау акті (тірк. № РОСС RU.0001.10АЯ46, әрекет ету мерзімі: 13.05.2014 ж. бастап 07.06.2015 ж. дейін).

Өтінім беруші:

«Ай.Эр.Эм.Си.» жауапкершілігі шектеулі қоғамы.
02.06.2014 ж. № GT-01-06/14 шетелдік өндіруші функциясын орындауға арналған келісімшарт.

Өндірілген күні қораптағы заттаңбада көрсетіледі.

Импорттаушы және өкілетті ұйым:

«Ай.Эр.Эм.Си.» ЖШҚ

Мекенжайы:

Ресей, 119049 Мәскеу қ.,
Ленинский даңғылы, 6 үй, 7 құр., 14 кеңсе
Телефоны: (495) 2587485,
Факс: (495) 2587485,
E-mail: info@irmc.ru

Қытайда құрастырылған

«ZANUSSI is a registered trademark used under license from AB Electrolux (publ)». AB Electrolux S:t Göransgatan, 143, SE-105 45, Stockholm, Sweden.

Занусси дегеніміз — Электролюкс АБ (жария.)
лицензиясына сәйкес қолданылатын тіркелген
сауда белгісі. АБ Электролюкс, С:т Горансгата
143, SE-105 45, Стокгольм, Швеция.

Кепілдік талоны

Осы құжат тұтынушылардың заңмен белгіленген құқықтарын шектемейді, бірақ тараптардың келісімі мен шартын көздейтін және заңда ескерілген мән-жайларды толықтырып, нақтылайды.

Кепілдік талонын дұрыс толтыру
Кепілдік талонын мұқият оқып шығыңыз, оның дұрыс толтырылуын және Сатушы мөртаңбасының болуын қадағалаңыз. Сатушы мөртаңбасы және сатылған күні (немесе сатылған күні көрсетілген кассалық чек) болмаса, өнімнің кепілдік мерзімі өнімнің өндірілген күнінен бастап есептеледі. Тұрмыстық сплит-жүйе кондиционерлері үшін пайдалануға енгізілген күні және оны пайдалануға енгізген авторизацияланған ұйымның мөртаңбасы да міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

Кепілдік талонына қандай да бір өзгерістер енгізуге, сондай-ақ онда көрсетілген қандай да бір деректерді өшіруге немесе көшіріп алуға болмайды.

Өнімнің сыртқы түрі және жинақтамасы
Өнімнің сыртқы түрі және жинақтамасын жақсылап тексеріп алыңыз, өнімді сатып алу кезінде өнімнің сыртқы түрі және жинақтамасына қатысты кінәрат-талаптарды Сатушыға беріңіз.

Өнімді орнату (қосу) бойынша жалпы ережелер
Құралды тек жұмыстардың осы түріне (газбен жұмыс істейтін құралдар) лицензиясы бар мамандар мен ұйымдар немесе жабдықтардың тиісті түрін сатуға және/немесе орнатуға және оған кепілдік бойынша қызмет көрсетуге авторизацияланған, жұмыстардың осы түріне (су ысытқыштар, сплит-жүйе типті кондиционерлер) лицензиясы бар компаниялардың мамандары ғана орнатуы (қосуы) мүмкін. Электр су ысытқыштарды орнату (қосу) үшін сервис орталығымызға хабарласыңыз. Сатушы (өндіруші) өнімнің дұрыс орнатылмауы (қосылмауы) салдарынан туындаған кемшіліктерге жауапты емес.

Ең жақсы сападағы техниканы сатып алғаныңыз құтты болсын!

Осы және басқа өнімдер туралы қосымша ақпаратты Сатушыдан немесе Мәскеу қаласындағы ақпараттық жөлімізден сұрап біле аласыз:
Тел: 8 (800) 500-07-75 (Ресей бойынша жұмыс күндері, сағат 8⁰⁰ – 19⁰⁰ аралығында қоңырау шалу тегін)
E-mail: easy_comfort@easy_comfort.ru
Хат қабылдау мекенжайы: 125493, Мәскеу қ., 310 а/х
Интернеттегі мекенжайы: www.easy-comfort.ru

Үлгісі	Сериялық нөмір
Сатып алынған күні	
Сатушы мөртаңбасы	
Пайдалануға енгізілген күні	
Пайдалануға енгізген ұйымның мөртаңбасы	

Өнімді жөндеуге және оған техникалық қызмет көрсетуге өкілетті сервис орталықтары туралы толығырақ ақпарат бөлек тізім түрінде қоса беріледі және/немесе сайтта орналастырылады, шағымдарды өкілетті ұйым қабылдайды. Өндіруші өнімнің технологиялық сипаттамаларын жақсарту мақсатымен, оның конструкциясына, жинақтамасына немесе оны дайындау технологиясына өзгерістер енгізу құқығын сақтап қалады.

Мұндай өзгерістер өнімге Сатып алушыларды алдын ала хабарламай енгізіледі және бұған дейін шығарылған өнімдерді өзгерту/жақсарту бойынша міндеттемелерді қамтымайды.

Түсініспеушілік туындамауы үшін, өнімді орнатуға/пайдалануға дейін оны пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығуыңызды өтінеміз.

Кепілдік талонына қандай да бір өзгерістер енгізуге, сондай-ақ онда көрсетілген қандай да бір деректерді өшіруге немесе көшіріп алуға тыйым салынған.

Кепілдіктің қолданылу мерзімі
Кепілдік талоны дұрыс/анық жазумен толтырылып, онда: өнім атауы және үлгісі, сериялық нөмірлері, сатылған күні көрсетілсе, сондай-ақ өкілетті тұлғаның қолы мен Сатушы мөртаңбасы болғанда ғана осы кепілдіктің күші болады.

Арнайы орнатуды қажет ететін кондиционерлерге (мобильді кондиционерлерден басқа) берілетін кепілдік: кондиционерді авторизацияланған орнату ұйымдардың бірі орнатқан болса — 3 жыл; және кондиционерді өкілетті емес ұйым орнатқан болса — 1 жыл. Осындай кондиционерлерді орнатуға қатысты кепілдік міндеттемелері орнатушы ұйымға жүктеледі.

Су ыдысына (баққа) арналған ZWH/S Melody, ZWH/S Brillianto (H), ZWH/S Premiero (H) сериялы су ысытқыштарға 84 (сексен төрт) айлық, өнімнің қалған элементтеріне — 24 (жиырма төрт) айлық кепілдік беріледі.

Су ыдысына (баққа) арналған ZWH/S Symphony, ZWH/S Symphony HD, ZWH/S Orfeus сериялы су ысытқыштарға 60 (алпыс) айлық, өнімнің қалған элементтеріне — 24 (жиырма төрт) айлық кепілдік беріледі.

Басқа өнімдерге 24 (жиырма төрт) айлық кепілдік беріледі. Жоғарыда көрсетілген кепілдік мерзімдері кәсіпкерлік қызметке қатысты жоқ жеке, отбасылық немесе үйдегі мақсаттарда қолданылатын өнімдерге ғана беріледі. Өнімді кәсіпкерлік қызметте қолданған жағдайда, оның кепілдік мерзімі 3 (үш) айды құрайды.

Өнімнің қосалқы бөлшектеріне немесе құрамдас бөліктеріне (бұйымнан қандай да бір құралдарсыз алынуы мүмкін бөлшектер, яғни торлар, саптамалар, қылшақтар, түтіктер, құбыршекттер сияқты және т.б. қосалқы бөлшектер) 3 (үш) айды құрайды.

Өнімге кепілдік бойынша немесе ақылы негізде жөндеу кезінде орнатылған, не болмаса өнімнен бөлек сатып алынған жаңа қосалқы бөлшектерге не құрамдас бөліктерге белгіленетін кепілдік мерзімі: өнімді жөндеп болған соң Сатып алушыға берген немесе оған осы қосалқы бөлшектерді/құрамдас бөліктерді сатқан күннен бастап үш айды құрайды.

Кепілдіктің жарамдылығы
Осы кепілдік ҚР аумағында сатып алынған өнімдерге, ҚР аумағында ғана жарамды. Кепілдік бұйымның өндірістік немесе конструкциялық ақауына қолданылады. Осы кепілдік, өнімнің ақаулы бөлшектерін өкілетті сервис орталығының күшімен сервис орталығында немесе Сатып алушыда (сервис орталығының қалауынша) жөндеу және ауыстыру жұмыстарын қамтиды. Өнімді кепілдік бойынша жөндеу жұмысы 45 (қырық бес) күннен асырмай орындалады.

Осы кепілдік өнімді ұлттық не жергілікті техникалық стандарттар мен қауіпсіздік нормаларына сай келтіру мақсатымен, өндірушінің алдын ала келісімін алмай өзгертіп жасау және реттеу нәтижесінде келтірілген нұқсанды өтеу және оның орнын толтыру құқығын бермейді. Сонымен қатар ҚР Тұрғын үй Кодексіне сәйкес Сатып алушы сатып алынған жабдықты орнатпас бұрын пайдаланушы ұйымның және Қазақстан Республикасының атқарушы билігі құзырлы органдарының келісімін алуға міндетті екеніне Сатып алушының назарын аударады.

Сатушы мен Өндіруші, Сатып алушының тиісті сапада сатып алынған өнімді бекітілген орнату жоспарының және жоғарыда аталған ұйымдардың рұқсатсыз қолдануына қатысты кез келген қолайсыз салдар үшін жауапты емес.

ОСЫ КЕПІЛДІК КЕЛЕСІДЕЙ ЖАҒДАЙЛАРҒА ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ:

- өнімге мерзімді қызмет көрсету және сервистік қызмет көрсету (сүзгілерін тазарту, алмастыру);
- өнімді кез келген тәсілмен бейімдеу және өзгерту, сонымен қатар өндірушінің алдын ала жазбаша келісімін алмай, өнімнің пайдалану нұсқаулығында көрсетілген әдеттегі қолдану саласын жетілдіру және кеңейту.

ОСЫ КЕПІЛДІК КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙЛАРДА ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ:

- өнімнің сериялық нөмірі толығымен/ішінара өзгертілген, өшірілген, алынбай тасталған немесе түсініксіз жазылған болса;
- өнімді мақсатына сай, Пайдалану нұсқаулығына сай қолданбау, сонымен қатар бұйымды артық жүктеу немесе Сатушы (өндіруші) ұсынбайтын қосалқы жабдықпен бірге қолдану;
- өнімде механикалық зақымдардың (жарықтар, кертіктер және т.б.) болуы, өнімге шамадан артық күштің, химиялық агрессивті заттардың, жоғары температуралардың, жоғары ылғалдықтың/тозаңдықтың, концентрацияланған булардың әсер етуі, егер осылардың бірі өнімнің ақауының себебі болса;
- өнімді өкілетті емес ұйымдардың/тұлғалардың өнімді жөндеуі/реттеуі/орнатуы/бейімдеуі/іске қосуы;
- дүлей апаттар (өрт, су тасқыны және т.б.) және өнімге зиян келтірген Сатушыға (өндірушіге) және Сатып алушыға бағынбайтын басқа да себептер;
- өнімнің электр, газ немесе су құбыры желісіне дұрыс қосылмауы (соның ішінде Пайдалану нұсқаулығының Орнату бөлімінің талаптарын орындамау), сондай-ақ электр, газ немесе су құбыры желісінің және басқа да сыртқы желілердің ақаулары (жұмыс параметрлері мен қауіпсіздікке сай келмеуі);
- өнім ішіне бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік әрекеті өнімдерінің кіріп кетуі салдарынан туындаған ақаулар және т.б.
- өнімді дұрыс сақтамау;
- шығыс материалдарын: шамдарды, сүзгілерді, қуат көзі элементтерін, аккумуляторларды, сақтандырығыштарды, сондай-ақ өнімнің шыны/фарфор/мата негізіндегі және қолмен тасымалданатын бөлшектерін және табиғи тозуына байланысты өзіндік шектеулі жұмысқа қабілеттілік кезеңі белгіленген басқа да қосымша тез тозатын/ауыспалы бөлшектерін (қосалқы бөлшектерін) ауыстыру қажеттілігі немесе осындай ауыстыру қажеттілігі өнімнің конструкциясымен көзделген болса және өнімді бөлшектеумен байланысты болмаса;
- өнім жүйенің элементі ретінде қолданылған осы жүйенің ақаулары.

Газ негізіндегі ағынды су ысытқыштарға кепілдікпен қызмет көрсетудің ерекше шарттары

Осы кепілдік, оларды өкілетті авторизацияланған ұйымның мамандары пайдалануға енгізіп, тиісті Пайдалануға енгізу туралы актіні құрастырған болса және пайдалануға енгізілген күні, пайдалануға енгізген ұйымның мөртанбасы міндетті түрде көрсетілген болса ғана жарамды болады.

Назар аударыңыз:

Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін, газ негізінде жұмыс істейтін бұйымдарды орнату (қосу), жұмыстардың осы түріне лицензиясы бар мамандар мен ұйымдар ғана орындауы тиіс. Сатушы (өндіруші) өнімді дұрыс орнатпау (қоспау) немесе газ негізіндегі ағынды су ысытқыштың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ете алмайтын сумен/газбен жабдықтау және жану өнімдерін бұру магистральдарымен бірге қолдану салдарынан келтірілген кемшіліктер үшін жауапты емес.

Су ысытқыш аспаптарға кепілдікпен қызмет көрсетудің ерекше шарттары

Су ысытқыш аспаптардағы кемшіліктер келесі жағдайлардың нәтижесінде туындаса, осы кепілдік

қолданылмайды: пайдалану нұсқаулығында көрсетілген орнату және пайдалану талаптарын орындамау не бұзу, су ысытқыш аспаптың сипаттамалары бар зауыттық тәктайшада көрсетілген ең жоғары рұқсат етілген су қысымының бар болғаны бір рет асып кетуі немесе қатып қалуы; қорағыш құрылғыларсыз қолдану немесе су ысытқыш аспаптардың техникалық сипаттамаларына сай келмейтін құрылғыларды қолдану; коррозия тудыратын суды пайдалану; электр химиялық реакция әсерінен, су ысытқыш аспаптарға пайдалану нұсқаулығына сай уақтылы техникалық қызмет көрсетпеу салдарынан тоттану (соның ішінде нұсқаулықта көрсетілген техникалық қызмет көрсету жүйелілігі мен мерзімдерін, нұсқаулықта көрсетілген көлемін сақтамау).

Кондиционерлерге кепілдікпен қызмет көрсетудің ерекше шарттары

Осы кепілдік Сатып алушының техникалық сипаттамалары жағынан өзі орнатып қойған үй-жайға арналмаған тиісті сападағы өзіндік кондиционерін өз қалауы бойынша таңдап, сатып алған (Сатушының тиісті ақпаратын ескермей) жағдайда жұмыс барысында туындаған кемшіліктерге таралмайды.

Сатып алушы-тұтынушы, ҚР Үкіметінің 19.01.1998 ж. № 55 қаулысымен бекітілген «Қайтаруға немесе басқа өлшемдегі, пішіндегі, габариттегі, үлгідегі, түстегі немесе жинақтамадағы ұқсас тауарға айырбастауға жатпайтын тиісті сападағы азық-түліктік емес тауарлар тізбесінің» 11-тармағына сәйкес, ол «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңның 25-бабында және ҚР АҚ 502-бабында көрсетілген тәртіп бойынша сатып алынған өнімді айырбастап беруді талап етуге құқылы емес.

Сатып алушы Кепілдік талонына қол қойған сәттен бастап:

- Сатып алынған бұйым мен оның тұтынушылық қасиеттері туралы барлық қажетті ақпарат «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңның 10-бабына сай Сатып алушыға толық көлемде ұсынылған болып саналады;
- Сатып алушы сатып алынған өнімнің қазақ тіліндегі Пайдалану нұсқаулығын алған болып есептеледі, және

- Сатып алушы сатып алынған өнімге кепілдікпен қызмет көрсету талаптарымен/оны пайдаланудың ерекшеліктерімен танысып шыққан және оған келісім берген болып саналады;
-

Өнім Сатып алушының көзінше тексерілген болса, онда Сатып алушының сатып алған өнімнің сыртқы түріне/жинақтамасына, «жұмысына» қатысты шағымдары жоқ деп жазу керек.

Сатып алушы:

Қолы:

Күні:

Құрметті Сатып алушы!

Есіңізге саламыз, кондиционерді сапасыз орнату салдарынан ол дұрыс жұмыс істемеуі және соның нәтижесінде, істен шығуы мүмкін. Осы жабдықты НОСТРОЙ ҰСТ 25 «ФИМАРАТТАР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАРДАҒЫ ТҰРМЫСТЫҚ КОНДИЦИЯЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ БУЛАНДЫРғыш ЖӘНЕ КОМПРЕССОРлық-КОНДЕНСАТОРлық БЛОКТАРЫН ОРНАТУ ЖӘНЕ ІСКЕ ҚОСУ-РЕТКЕ КЕЛТІРУ ТУРАЛЫ» құжатына сай орнату керек. Орнату жұмыстарына берілетін кепілдікке және өнім жұмысындағы олармен байланысты кемшіліктерге орнатушы ұйымы жауап береді. Өндіруші (сатушы) стандарттар мен нұсқауларды бұза отырып орнатылған және пайдалануға енгізілген өнімге кепілдік беруден тас тартуға құқылы.

www.easy-comfort.ru
www.zanussi.ru

Нұсқаулықтың мәтіні мен сандық белгілерінде техникалық қателер мен жаңылыс жазылған жерлер болуы мүмкін. Техникалық сипаттамалар мен ассортименттер алдын ала хабарламастан өзгертілуі мүмкін.

ZANUSSI — Electrolux AB (жария) лицензиясына сәйкес пайдаланылған тіркелген сауда белгісі..

